

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 қазандағы N 1019 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 917 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді ж о с п а р ы н д а :

2005-2007 жылдарға арналған қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар бөлінісіндегі басымды бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесінде (5-бөлім):

"2005-2007 жылдарға арналған басымды республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесі" деген кестеде:

"Қазақстан Республикасының кеден қызметін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған салалық бағдарламасы" деген бөлімде:

реттік нөмірі 102 - жолда :

5-бағандағы "4342673" деген сандар "4111627" деген сандармен ауыстырылсын;

7-бағандағы "1265546" деген сандар "1320896" деген сандармен ауыстырылсын;

8-бағандағы "1869489" деген сандар "1583363" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 103 - жолда :

7-бағандағы "669849" деген сандар "1118539" деген сандармен ауыстырылсын;

8-бағандағы "862050" деген сандар "413360" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 104-жол алынып тасталсын;

"Бағдарлама бойынша ЖИЫНЫ" деген жолда:

7-бағандағы "2680276" деген сандар "2687835" деген сандармен ауыстырылсын;

8-бағандағы "2731539" деген сандар "1996723" деген сандармен ауыстырылсын;

"Бағдарламалардан тыс" деген бөлімде:

реттік нөмірі 192 - жолда :

5-бағандағы "137680" деген сандар "130121" деген сандармен ауыстырылсын;

7-бағандағы "52118" деген сандар "44559" деген сандармен ауыстырылсын;

"Бағдарламалардан тыс ЖИЫНЫ" деген жолда:

7-бағандағы "50812570" деген сандар "50805011" деген сандармен ауыстырылсын;

" Б А Р Л Ы Ы " деген жолда :

8-бағандағы "195116881" деген сандар "194382065" деген сандармен ауыстырылсын

2) "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада :

01 "Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер көрсету оның ішінде инвестициялық жобаларға" функционалдық тобында :

217 "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі" әкімшісі бойынша:

026 "Кедендік бақылау және кедендік инфрақұрылымы объектілерін салу" бағдарламасы мынадай редакцияда жазылсын:

"026 Кедендік бақылау және кеден инфрақұрылымы объектілерін салу 2732394

оның ішінде инвестициялық жобаларға:

Шекаралас кеден бекеттерін, бірыңғай бақылау-өткізу пункттерін, кеден инфрақұрылымы объектілерін дамыту

және салу 1320896

Темір жол өткізу пункттерінде бірыңғай бақылау-өткізу пункттерін салу 1118539

"Достық" кеденінің кеден қызметі қызметкерлері үшін тұрғын үй салу 248400

"Ақтөбе - Кедендік ресімдеу орталығы" кеден бекетін салу 44559";

3) "2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 184-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында :

4-тармақ алынып тасталсын ;

5-тармақтағы "Шығыс Қазақстан облысының "Жескент" деген сөздер "Оңтүстік Қазақстан облысының "Қапланбек" деген сөздермен ауыстырылсын ;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын :

"7. Атырау облысындағы "Ганюшкино" темір жол өткізу пунктінде "Ақкөл" кеден бекетін салу (мемлекеттік сараптаманың 2005 жылғы 6 шілдедегі N 08-113/2005 қорытындысы) ; " ;

мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын :

"9. Павлодар облысы Железі ауданының "Өрлітөбе" кеден бекетін электрмен жабдықтау (жобалау-сметалық құжаттама бойынша мемлекеттік сараптаманың 2005 жылғы 29 шілдедегі N 16-307/05 қорытындысы).";

"Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер" деген 7-тармақта:

"5" деген сан "4" деген санмен ауыстырылсын;

"Шығыс Қазақстан облысының "Жескент" деген сөздер алынып тасталсын;

"Достық" кедені" деген сөздерден кейін ", Атырау облысындағы "Ганюшкино" темір жол өткізу пунктінде "Ақкөл" кеден бекетінің" деген сөздермен толықтырылсын;

", Алматы қаласындағы оқу-әдістемелік орталығын" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

"23,7" деген сандар "72" деген сандармен ауыстырылсын;

"30,87" деген сандар "66" деген сандармен ауыстырылсын;

"Маңғыстау облысындағы "Бейнеу" халықаралық темір жол" деген сөздер " Оңтүстік Қазақстан облысының "Қапланбек" бірыңғай бақылау-өткізу пунктін ( сметалық құнының 66%) салу" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*